**Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын жүзеге асыру жөніндегі Үкіметтің шаралар жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 1995 жылғы 6 ақпан N 41

1995 жылы 4 ақпанда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің кеңейтілген мәжілісінде айтылған Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындау үшін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын жүзеге асыру жөніндегі Үкіметтің шаралар жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Үкіметтің шараларын орындау үшін министрліктердің, ведомстволардың бірінші басшыларына, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне жауапкершілік жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы осы өкімнің жүзеге асыру барысына мүлтіксіз бақылау жасасын.

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
1995 жылғы 6 ақпандағы
N 41 өкіміне
Қосымша

1995 жылы 4 ақпанда Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің кеңейтілген мәжілісінде
Қазақстан Республикасы Президентінің жасаған
баяндамасынан туындайтын тапсырмаларды жүзеге
асыру жөніндегі
Шаралар жоспары

| Шаралар | Мерзімдері | Орындаушылар |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. Инфляцияны жүйелі түрде төмендету жағдайында | Тұрақты түрде | Министрліктер,ведомстволар, облыстардың, Алматы және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | халықтың табысын өсіру туралы қамқорлық басты міндет болып есептелсін, халықтың аз қамтылған жіктеріне әлеуметтік қорғаудың атамалылығы күшейтілсін. Экономикалық реформаларды жүзеге асыру барысындағы Үкіметтің іс. қимылы туралы түсіндіру жұмысы жүргізілсін. | | Ленинск қалаларының әкімдері, Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының бөлімдері |
| 2. | Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Министрлер Кабинетінің бұрын қабылданған Жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін жүзеге асыру жөнінде қысқа мерзімде барлық қажетті шаралар қабылдансын. | 1995 жылдың 1 наурызына дейін | Министрлер Кабинеті, Министрліктер мен ведомстволар, жергілікті әкімдер, Қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі, Аумақтық дамыту бөлімі |
| 3. | Зейнетақы төлемдері бойынша берешектік проблемаларын шешу жөнінде бұлжымас шаралар қабылдансын.Төменгі зейнетақының мөлшерін көтеру жөнінде ұсыныс әзірлесін | 1995 жылдың 1 наурызына дейін | Қаржы министрлігі, Әлеуметтік қорғау министрлігі, жергілікті әкімдер, Қаржы еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі |
| 4. | Өндірістің, әсіресе, экономиканың өмірлік маңызды салаларында, оның ішінде халық тұтыну тауарларын өндіруде құлдырауды болдырмау жөнінде шаралар кешені әзірленсін | 1995 жылдың 15 наурызына дейін | Экономика министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, Мемлекеттік басқару органдары бөлімі, Аграрлық мәселелер жөніндегі бөлім |
| 5. | Жұмыс істеп тұрған ұлттық акционерлік, мемлекеттік акционерлік және холдинг | Тұрақты түрде | Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет, |

| | | |
|---|---|---|
| компанияларын монополиясыздандыру мен реформалау жөнінде шешімдер қабылдау кезінде оларды қайта ұйымдастыру жөнінде қажетті негіздемелер мен есептер тапсырылсын | | Жиынтық экономика бөлімі |
| 6. Салықтар мен басқа да төлемдердің мемлекеттік бюджетке толық түсуін қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар әзірленіп, қабылдансын | 1995 жылдың 1 наурызына дейін | Қаржы министрлігі, Қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі |
| 7. Кең түсіру жұмыстарын жүргізіп, дәрменсіз кәсіпорындарды санациялау мен банкроттау тетін ендіру жөніндегі жұмыс жалғастырылсын | 1995 жылдың ақпаны | Экономика және Қаржы министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, Мемлекеттік басқару органдары бөлімі, Қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі |
| 8. Төлемдердің төленбеуіне, еңбекақы төлеуді белгілеудің нормативінің сақталуына және басқаларына кәсіпорындарды іріктеп тексеру жөніндегі құқық қорғау, бақылау-қаржы органдарының өкілдерінен республикалық және облыстық арнаулы бригадалар құрылсын. Үкімет тарапынан осы фактілердің себептерін жою және оны жүзеге асырудың тиімді әдістері жөніндегі бақылау механизмі айқындалсын. | 1995 жылғы 6 ақпаннан бастап | Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мемлекеттік қаржы-бақылау комитеті, жергілікті әкімдер, Құқық қорғау органдар бөлімі, Бас прокуратура |
| 9. Директивтік кредиттер беру практикасы тоқтатылсын | 1995 жылғы 6 ақпаннан | Жергілікті әкімдер, Аумақтық дамыту бөлімі, |

| | | |
|---|---|---|
| | бастап | қаржы, еңбек және әлеуметтік даму бөлімі, Ұлттық Банк |
| 10.Коммерциялық банктердің жарғылық қорын арттыру үшін әлемдік қаржы нарығына шығуға қолайлы жағдай туғызатын және басқа шараларға ашық жазылуға рұқсат беру құқын енгізе отырып, банк жүйесін реформалаудың бағдарламасын әзірлеу және бекітуге ұсыну аяқталсын | 1995 жылғы 15 ақпанға дейін | Қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі, Ұлттық Банк |
| 11.Мемлекеттік бюджеттің мүмкін болар барлық табыс көздеріне және оның шығыс бөлігін ұтымды етудің мүмкіндігіне жүйелі түрде талдау жасалсын. Салық органдарының бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі есеп беруі тәжірибеге енгізілсін. | 1995 жылғы 6 ақпаннан бастап | Қаржы министрлігі, Қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі |
| 12.Халықаралық қаржы ұйымдарының заемдарын, шетел мемлекеттерінің кредиттерін тарту мен пайдалану жөніндегі жұмыс міндетіне енетін мемлекеттік органдар туралы Қазақстан Республикасы Президенті шешімінің жобасы әзірленсін және бекітуге ұсынылсын | 1995 жылғы 8 ақпанға дейін | Экономика және Қаржы министрліктері мүдделі ұйымдармен бірге, Жиынтық экономика бөлімі, Қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі |
| 13. Министрлер Кабинетінің көктемгі егім жұмыстарына дайындық жөніндегі қаулысы әзірленсін және қабылдансын | 1995 жылғы 10 ақпанға дейін | Ауыл шаруашылығы министрлігі мүдделі ұйымдар мен бірге, Аграрлық мәселелер жөніндегі бөлім |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК